

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№16(480) 14 желтоқсан 2019 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ТӘУЕЛСІЗДІК СІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Тәуелсіздік тәу етер жалғыз киеміз. Осы орайда университетімізде бүгінгі күнге дейін қызметте келе жатқан қызметкерлеріміз жылы лебіздерімен бөлісті.

2 БЕТТЕ

### АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – ЖЫЛ СЕРПІЛІСІ

Нұр-Сұлтан қаласында өтіп жатқан «II Science Forum: Research Impact» II ғылыми форумының ашылу салтанатында түрлі салада ғылыми жетістіктерге қол жеткізген ғалымдарға «Scopus Award 2019» жалпыұлттық сыйлықтарын табыстау шарасы аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «ЖЫЛ СЕРПІЛІСІ» сыйлығына ие болды.

3 БЕТТЕ

### ДӘМДІНІҢ БӘРІ – ТИТАНИКТЕ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ де 1997 жылдан бері студенттер мен қызметкерлеріне ыстық тағамдар ұсынып келе жатқан 500 орындық «Титаник» асханасының қызметі жайлы айтып өтетін боламыз.

4 БЕТТЕ

### БІР АСПАННЫҢ АСТЫНДА ...

Оқу орнымыздың Журналистика мамандығының 3-курс студенті Ғалия Бисейіт Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Толеранттылық танымы — жастар жолымен» атты эссе жанрында қалам тербеушілер арасында өткен республикалық байқауға қатысып, I дәрежелі Дипломмен және «Толеранттылық» төсбелгісімен марапатталды. Байқауда жүлдені жеңіп алған «Бір аспанның астында...» атты эссесін назарларыңызға ұсынамыз.

8 БЕТТЕ



Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, бетпен қағар желінің есуінен  
тайсалмауға тиіспіз. Нұрсұлтан Назарбаев.



*Ұлы мерекеміз — Тәуелсіз күні күшті болсын!*

*Тәуелсіз Қазақстанымыздың дамуы жолында жасап жатқан жұмыстарыңыз әсемісті болып, туған елдеріміз, еліміз — Қазақстан гүлденіп, көркейе берсін!*

*Қазақ Елі мәңгілік болсын!*

*Ізгі ниетпен,  
Ректор  
Болатбек АТДИНҰЛЫ АПСИЛОВ*



*Түркістанның төрінде тұрған оқу ордамыз Қазақстан, Түркия және күллі түркі әлемінің достығы мен бауырластығын нығайтуға себепші бола беруіне тілектеспіз. Бұл мерекені түркі елдерімен қарсы алу мен үшін үлкен мәртебе. Тәуелсіздіктің 28-ші жылы қазақ халқына тек жақсылық әкелей! Жасасын Қазақ елі! Жасасын түркітілдес елдердің бірлігі! Тәуелсіздігің күшті болсын Қазақстан!*

*Ізгі тілекпен,  
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ  
I вице-президенті Ж.СЕНИЗ ПИОМАР*

## СҰХБАТ

# ТӘУЕЛСІЗДІК СІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман шыққан Қазақ елінің тәуелсіздігіне биыл 28 жыл. Ақ найзаның басына үкі тағып, Тәуелсіздік таңына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып қол жеткізді. Қазақ өмірі туымызда таңбаланған қыран құсындай десек қателеспейміз. Оның дәлелі, туымыз талай елдің төрінде желбіреп экономикалық, индустриялық, ғылыми дамудың даңғыл жолына түсті. Бейбітшіліктің, еркіндік пен егемендіктің самал желі самайымыздан сипап, бізді ізгілікке бағыттап келеді. Ел жаны тыныш, халық санасы оянған. Жаңа дәуірдің ғажайып өмірге айналғаны – батылдық пен табандылықтың арқасы. Жүрдек пойыздай жүйткіген уақыт зуылдап өтіп жатыр. Бойдағы жасымас қайраттылықпен Тәуелсіздіктің туы көк аспанның төрінде желбіреп тұр. Бұл ретте еліміздің Тұңғыш Президенті, ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел саясаты мен ерен еңбегін атап өту қажет. Елбасы Н.Назарбаевтың: “Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек” деген ұлағатты сөзі бар.

Тыныш түн, жанға жайлы жайдарлы күн. Бүгінгі күнде бақыттың балдай дәмін де татып, қуаныш пен берекеге толы сәттердің күегеріміз. Естеліктерге толы ерекше әрі айтулы күндеріміз көбейіп келеді. Сайын дала төсінің бойындағы шексіз ұзын жолдың жолаушылары іспеттіміз. Кеудемізде лапылдап тұрған жылуы күшті үміт оты бар. Ол үміт - ертеңгі күніміздің күлімдеп атарына, болашағымыздың жарқын боларына деген үміт.

Тәуелсіздік тәу етер жалғыз киеміз. Осы орайда университетімізде бүгінгі күнге дейін қызметте келе жатқан қызметкерлеріміз жылы лебіздерімен бөлісті.



**Гүлнара Рахматуллаева,**  
Ғылыми зерттеу жұмыстары  
бөлімінің маманы.

**-Тәуелсіздігімізбен құрдас оқу орнымызда ашылғалы қызмет атқарып келе жатқан маман ретінде, сол кездердің естелігімен бөліссеңіз?**

- Университетіміз Тәуелсіздік алған жылы яғни 1991 жылы ашылды. Мен сол жылдан бастап осы жерде жұмыс жасап келемін. Оқу ордасы ашылған кезде алғашқы ректор Мұрат Жұрынұлы шет елдерден профессорлар мен мамандарды шақырып, осы университеттің дамуы үшін көп жұмыстар атқарды. Киелі әрі шағын қалада үлкен білім ордасының ашылуы үлкен жаңалық болды. Алғаш Түркістан Мемлекеттік университеті деген атпен ашылған.

1991 жылдардағы заманда бәрі механикалық түрде болды. Қазіргідей технология дамымаған еді. Университетке берілген ғимарат бұрынғы техникумның ғимараты еді. Ректоратымыз Есімхан алаңында болды. Алғашқы 1-корпусымыз қазіргі Қазыбек би көшесінде орналасқан.

1992 жылы 30 мамырда университеттің атауы өзгерді. Түркістан мемлекеттік университеті Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне айналды. Тұсауын Түркияның бұрынғы президенті Сүлейман Демирел мен Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев кесті.

Мен бұл университетке 20 жасымда келдім. Ол кезде жас едік. Университеттің өсуіне өз үлесімді қосқым келіп, осында қалдым. Бұл оқу ордасы көз алдымда өсті. Өмірімнің біраз кезеңі осы жерде өтті десе мекенім болар еді. Себебі, алғаш жұмыс басталғанда аптаның 6 күні бойы таңғы сағат 8-ден түнгі 12-ге дейін механикалық машинкалардың алдында отыратынбыз, қолмен сызып, жазатын едік.

1991 жылдары мұндай керемет кітапхана болмаған еді. Студенттер басқа жақтың кітапханаларына жүгіріп жүріп оқитын. Біздің түлектер бүгінде үлкен биіктерден көрініп жүр. Ал, қазір студенттер үшін мүмкіндіктер өте көп. Бүкіл жағдай жасалған. Студенттер компьютер, кітап іздеп қиналмайды. Бар ынтасын оқуға бөліп, болашағының жарқын болуы үшін еңбектенуі керек. Студенттерге айтарым, тек білім алыңдар деймін. Тәуелсіздіктің 28 жылдық мерекесімен университет қызметкерлері мен оқытушы-профессорлар құрамын шын жүректен құттықтаймын. Еңбектерінің жемісін көре берсін. Отбасыларына амандық, бақыт тілеймін. Жылдан жылға мерекеге жете берейік. Егемендігіміз жасай берсін!

**- Сейдулла ағай, Тәуелсіздік ұғымының сіз үшін қадір-қасиеті қандай?**

- Тәуелсіздік туралы айтқанда халқымызға елемізге не берді деп айту керек. Кешегі біз Кеңестік дәуірді де көрдік. Қызмет еттік. Өткен дүниені жоққа шығаруға болмайды. Оқыдық, адам болдық. Маман болдық. Дегенмен де ұлттық рухымыздан, ұлттық рухани дүниелерімізден көз жазып қала бастадық. Ең қиыны сол, тілімізден айрылып қала жаздадық. Егер, Кеңес Одағы тағы да бір 20-30 жыл өмір сүргенде біз қызыл кітіпқа жазылып кетер едік. Қазақ деген бір халық болған, үлкен ұлы далада мекен еткен, бірақ бұлардың түбі осындай болып тынған деген ұғым қалып кететін еді. Екіншіден, ислам дінімен қайта қауыштық. Дәл қазіргі тұрған жеріміз қасиетті Түркістан. Ел арасындағы түсінік ұғым бойынша «Екінші Мекке» аталады. Қасиетті Түркістан, киелі Түркістан түркі халықтарының құтты мекені. Одан кейін қазақ хандарының ордасы болған «ұлы мекен». Түркістанның қадіріне біз әлі де жете алмай жүрміз. Түркістанның қадір-қасиетінің қаншалықты болғанын кешегі Өзбекәлі Жәнібек сынды ағаларымыз, одан бергі керемет адамдарымыз Түркістан үшін қызметтер жасаған. Маған жаңа ғана қолыма «Туған жерді сүйу» атты Нұрмахан Назаровтың кітабын алып келді. Бұл кітапта менің де жазбаларым бар. Н.Назаровтай адамдар Түркістанның рухани дүниесін қалыптастыруға барын салғандардың бірі. Кеңес Одағының кезінде Ленинградтағы Эрмитаждан Тайқазанды елге қайтаруға барын салып, алып келуге мұрындық болған Нұрмахан Назаров ағамыз. Тәуелсіздіктің бізге берген жақсылықтары, бізге берген мүмкіндіктері осындай. Қазір миллионнан астам қазақ ата мекеніне оралды. Бұған шүкіршілік етуіміз керек. Дінімізбен қайта қауышып отырмыз. Студенттеріміз қасиетті Түркістанда білім алып жүр. Тәуелсіз елдің азаматы ретінде Тәуелсіздік маған көп нәрселерді берді. Ең алдымен тәуелсіздік маған сендерді берді. Студенттерімді берді. Сендердің арқаларында мен осыдан 25 жыл бұрын қасиетті Түркістанға келіп журналистика бөлімін ашып, алғашқы кадрды өзім болдым. Осылай Түркістанда журналистика мамандығы пайда болды. Ғылым кандидатын Москвада, ғылым докторлығын Ташкентте қорғадым. Қазір екі

елдің ғылым докторымын.

Міне, Тәуелсіздік осындай ой, қуат, жігер берсе қаламың жүреді. Сол менде бар-ау деп ойлаймын. Қасиетті топыраққа қызмет ету, өз университетіме қызмет ету, мен үшін үлкен мәртебе, шынайы баға жетпес бақыт болып табылады.

**-Тәуелсіздік сізге не берді?**

- Журналистика мамандығын дайындайтын ЖОО көп емес. Түркістандағы журналистика кадрларында ұстаздарына деген құрметті сезінеміз. Себебі бізді ғылыми ізденіс жағынан, ҚазГУ, Еуразия оқу орындары мойындайды. Мысалы, менің шетелдік инфофакторлық журналдарға 7-8 мақалаларым шыққан адаммын. Ғылыми еңбектерім Америка, Қытай, Еуропаның бірқатар елдері мен, ТМД елдерінде жарық көрді. Осы тұрғыдан келгенде шүкіршілік етуіміз керек. Ал енді, осы топырақтың қасиетін терең түсініп мойындаған, осы жолға жан жүректерімен берілген шәкірттеріміздің қарасы молайғаны бізді қуантады. Керемет жазушылар, ақындар біздің оқу орданы тәмамдап тәуелсіз Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүр. Тек қана «Оңтүстік Қазақстан» газетінде біздің 11 шәкіртіміз қызмет етеді. «Егемен Қазақстан» газетінде 6 шәкіртіміз қызметте. «Қазақстан» ұлттық арнасы, «Хабар» сияқты телеарналарда біздің шәкірттеріміз жүр. Оңтүстік өңірге және Республиканың белді-белді радио телевизия кешендеріне біз лайықты кадрлар дайындап отырмыз деп мақтанышпен айтуымызға болады.

**-Тәуелсіздік ата-бабалар аманаты дегенді қалай түсінесіз?**

-Кез-келген шәкірт университет бітіріп маман болуы мүмкін. Бірақ маман болудан бұрын университет қабырғасында жүргенде адам болуды, ибалық адамгершілікті, адамға тән құнды қасиеттерді бойына сіңіріп бітіргені дұрыс. Журналистика мамандығы адам болу, адамгершіліктің болуы, екі жүзділік танытпау, сатқындық жасамау, ерекше маңызды. Біздер журналистер әрқашанда адам жанының инженері болуымыз керек. Адамға қызмет етуіміз керек. Шәкірттер адам болып, жақсы маман болса тәуелсіздіктің тұғыры бекемделе түседі.



**Сейдулла Садықов**  
Профессор, фил.ғ. докторы.

Дайындаған:  
Малика ҚАЛИЛА

## Ахмет Ясауи университеті – «Жыл серпілісі»

Нұр-Сұлтан қаласында өтіп жатқан «II Science Forum: Research Impact» II ғылыми форумының ашылу салтанатында түрлі салада ғылыми жетістіктерге қол жеткізген ғалымдарға «Scopus Award 2019» жалпыұлттық сыйлықтарын табыстау шарасы аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «ЖЫЛ СЕРПІЛІСІ» сыйлығына ие болды.



Естеріңізде болса, осыдан сәл бұрын Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің алдына 2025 жылға дейінгі білім мен ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді тапсырған болатын. Осы бағытта Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беру саласындағы ғылымды дамытудың жаңа деңгейіне көтеретін концепция ұсынған еді. Академиялық адалдық, Жоғары оқу орындары қызметінің жаңа типтік ережелері осының бір дәлелі. Соңғы екі жылда

еліміздегі ғылыми жұмыстардың саны екі есеге артса, биылдың өзінде индекстелетін базаларда 19 мыңнан астам ғылыми мақалалар жарияланып, қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау көрсеткіші біршама ұлғайған. Оның ішінде Түркістандағы халықаралық университет ғалымдарының да өзіндік үлестері бар. Мына марапат сол көрсеткіштің жемісі! Небәрі 28 жылдық тарихы бар жас университетке тың серпіліс берген ректорымыз Болатбек Серікбайұлы Абдрасиловты және бүкіл оқу орнының ұжымын осынау айтулы марапаттарымен құттықтаймыз!

## Шәкіртақы 25 пайызға өседі

Бүгінгі күннің жағымды жаңалығының бірі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастар форумындағы 2020 жылдың қаңтар айынан бастап жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттері шәкіртақысының 25 пайызға өсетінін мәлімдеуі.

Бұл жаңалық ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми Telegram-каналында (@edu\_news\_qz) төмендегі мәтінде жарияланды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың бірінші қаңтарынан студенттердің шәкіртақысы 25 пайызға өсетінін мәлімдеді.



Техникалық және кәсіптік білім беру орындары студенттерінің де шәкіртақысы 25%-ға артатын болады. «Менің тапсырмам бойынша, Үкімет 2020 жылдың қаңтар айынан бастап орта арнаулы білім беретін колледж студенттері шәкіртақысын да 25 пайызға өсіреді», — деді ҚР Президенті.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылғы қыркүйек айынан бастап жұмысшы мамандықтағы 122 мың білім алушының шәкіртақысы 30%-ға ұлғайтылған. Ал, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап орта буын мамандарының шәкіртақысы 16 759 теңгеден 20 948 теңгеге, ал өте жақсы оқитын студенттердің шәкіртақысы 19 272 теңгеден 24 090 теңгеге көтеріледі.

2020 жылдың қаңтар айынан бастап базалық деңгейде бакалавр дәрежесінде білім алушылардың шәкіртақысы 20 949-дан 26 186 теңгеге, магистратура шәкіртақысы — 53 530-дан 66 913 теңгеге және докторантура шәкіртақысы — 81 998-ден 102 498 теңгеге көтерілмек.

Осы аталған ақпарат бойынша

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Оқу ісі жөніндегі вице-президенті Ө.Үмбетов:

— Қазіргі таңда оқу ордамыздағы студенттер 20949 теңге шәкіртақы алып жүр. 2020 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес шәкіртақы 25 пайызға көтерілгенде студенттеріміз 26186 теңге алатын болады. Енді бұған Түркістан қаласының экологиялық аймаққа жатуына байланысты берілетін 20 пайыз үстемақысын қосқанда жалпы студенттеріміздің шәкіртақысы 31423 теңгені құрайтын болады.

Мына нарықтық заманда бұл студенттерге көрсетіліп отырған үлкен көмек. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл шешімі тек студенттерді ғана емес ата-аналар мен ұстаздарды да қуантатыны сөзсіз. Әрине бұл шәкіртақыны алатын білімгерлер білімге деген талпынысы артса, ал шәкіртақы алмайтындар алға ұмтылатын болады деп сенемін!-деп өз ойымен бөлісті.

Бұл жаңалық он мыңдай студенті бар біздің университет студенттерін қуантатын сөзсіз.

## «ЖЫЛ СТУДЕНТІ -2019»



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Шаңырақ студенттер координациясы мен «Жас Отан» Жастар қанатының ұйымдастыруымен жыл сайынғы дәстүр бойынша «Жыл студенті-2019» атты үздіктер премиясының қорытынды шарасы өтті.

Еліміздің әнұранымен басталған шараға студенттер мен оқытушы-профессорлар қауымы қатысты. Оқу ордамыздың 10000-ға жуық студентінің ішінен үздік 15 студент іріктеліп алынып, олардың оқу үлгерімі, сонымен қатар, оқу ордамыздағы, облыс және қалалық іс-шараларда шығармашылық жұмыстарымен көзге түсіп жүрген, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар 5 студент озып шықты. Әділ қазылар алқасының шешімімен «Жыл студенті» атағын Медицина факультетінің 4 курс студенті Қанат Шамсудин иеленді. «Жыл студенті» иегеріне оқу ордамыздың ректоры Б.Абдрасиловтың арнайы сыйлығы және ноутбук табысталды. Жастар әлеуеті мен мәдениетін дамытуға бағытталған бұндай байқаулар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Студенттеріміз алдағы уақытта талай бәйгеде топ жарып, университетіміз бен еліміздің мәртебесін арттыруға үлес қосуларына тілектестік білдереміз.

## «ҮЗДІК СПОРТШЫ»



Нұр-сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Қазақ күресі федерациясының ұйымдастыруымен жыл қорытындысы мерекелік шарасы өтті.

Салтанатты шарада Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Ә. Абаев, Қазақстан Республикасы Қазақ күресі федерациясы Президенті, Федерацияның бірінші вице-президенті «Қазақстан Барысы» жобасының идея авторы А.Т.Шораев, Федерацияның вице-президенті С.А.Құранбек ұлттық күрес жанашырларын, спортшылар мен спорт ардагерлерін, төрешілерді, бапкерлерді, БАҚ өкілдерін марапаттады.

Үздіктер қатарында университетіміздің Спорт және өнер факультетінің Дене шынықтыру мамандығының 4 курс студенті Нұрым Сәлімгерейұлы Сәлімгереев «Үздік спортшы» номинациясында 100 келі салмақ дәрежесінде марапатталды. Нұрым Сәлімгерейұлы Сәлімгереев Қазақ күресінен Әлем чемпионы, қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Шәкіртімізді марапатымен құттықтаймыз!

## ӘЛЕУМЕТ

# ДӘМДІНІҢ БӘРІ —

Адам өмірінің 50% тамақтанудан тұрады. Күн тәртібі бойынша бір күнде адам үш мезгіл тамақтануы керек. Тамақтанғанда да дәрумені мол, пайдалы тағамдарды тұтынғаны абзал. Осы тұста еліміздегі жалғыз халықаралық деңгейдегі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ де 1997 жылдан бері студенттер мен қызметкерлеріне ыстық тағамдар ұсынып келе жатқан 500 орындық «Титаник» асханасының қызметі жайлы айтып өтетін боламыз.

# ТИТАНИКТЕ



Бұл асханада бас аспазшы, аспазшы, кондитерлік наубайшылар, қасапшы, сервис қызметкерлері, ыдыс және еден жуушылар мен шаруашылық жөніндегі мамандар, іс жүргізуші, қоймашылардың барлығы дерлік қосқанда жалпы 52 қызметкер жұмыс атқарады. Орталық студенттік асхана кешенінде қызметкерлер үзіліссіз жұмыс жасайды. Қызметкерлердің жұмысы таңғы 08:30 дан кешкі 23:00 ке дейін жалғасады. Неге десеңіздер, жатақханада тұрақтайтын студенттердің демалыс күндері де келіп тамақтануларына қолайлы жағдай жасалған. Мұнда күндізгі 12:30-14:30 аралығында түскі ас, 18:00-20:00 ге дейін кешкі ас беріледі. Аптаның жұмыс күндері орташа есеппен алғанда бір күндік түскі және кешкі асты қосқанда 500-600 адамға лайықтап тамақтар әзірленеді. Ал демалыс күндері студенттердің көбінің үй жайларына қайтуларына және қызметкерлердің демалуларына байланысты 200-250 адамға лайықталып тағамдар жасалынады.

Ал енді адам ағзасына, яғни, студенттерге ұсынылатын тағамдардың құрмына, қоспалары мен өнімдеріне келер болсақ. Оқу ордамыздың сатып алу бөліміне сұраныс жаза отырып, азық түліктерді, көкөністерді және жеміс-жидектер алынады. Көбінде өнімдер Түркістан облысына қарасты ауылдардан жеткізіледі екен. Жеткізілген өнімдердің табиғи және экологиялық таза болуы да қадағаланып отырылады. Тағы бір айта кететіні өнімдер лабораториялық сертификаттар мен анықтамалары бар, санитарлық талаптардан жоспар бойынша жыл сайын тексерістен өтіп тұрады.

Сондай-ақ асханада дайындалатын тағамдардың түрлері көп. Тағамдардың тізімі апта сайын ас мәзірінде бекітіліп отырады. Онымен өзге бұл асханада түрлі нан өнімдері де пісіріледі. Ыстық нандар студенттерге қолайлы бағада сатылымға шығарылады. Көбінде студенттердің сұраныстарына орай тағамдар анализдерден өтіп тұрады. Асхана жұмыс тәжірибесінде студенттерге үлкен мүмкіншілік жасалынған. Яғни студенттер мұнда тәжірибеден өтуге келеді. Тәжірибеден өтетін студенттер өзге оқу орындарының студенттері емес, оқу ордамыздың жанына құрылған Ясауи колледжінің студенттері практикалық іс-тәжірибеден осы жерден өтіп отырады.

Ең қызығы бұл студенттік асханада ыстық шәй берілмейді. Бұл жағдай тіпті үрдіске айналған. Шәй бермеудің себебінің бірі, оқу ордамыздың қазақ және түрік мемлекеттерінің ортасындағы татулық есебіне құрылуынан десе де болады. Толығырақ айтқанда Түркия Республикасының тамақтану үрдістерін ескере отырып 50% түрік ұлтының 50% қазақ халқының тамақтану үрдістерін қарастырған. Яғни, түрік асханасына үңілсек онда тамақтанушыларға ыстық тағаммен су ұсынылады. Мамандар бұлай тамақтану адам ағзасына өте пайдалы дейді. Ал тамақтану болғасын студенттерге шәй ішетін үлкен жағдай жасалған. Ол Титаник асханасының

жертөлесінде орналасқан кішігірім тынығу орындарында беріледі. Бұл тынығу бөлмелері жайлы алда тағы айтып өтетін боламыз. Университет халықаралық деңгейдегі білім ошағы болғаннан соң да студенттің асханада тіпті өзге елдің де тағамдарын әзірлеп тұрады. Бұның бәрі студенттерге жасалынып отырған жағдайлар.

Ал тағамға ұснылаты су филтірді қажет етпейді. Неге десеңіздер, университеттің жер асты су құбыры 750 метр тереңдіктен алынады. Бұл дегеніміз, ұсынылатын судың емдік қасиеті де бар деген сөз. Нағыз артизиан суы дегуге де болады. Судың құрамын университетіміздің Экология ғылыми зерттеу институтының мамандары әр он күн сайын тексерістен өткізіп отырады.

Ал енді біріншіге, екіншіге ұсынылатын ыстық тамақтың қосымша берілетін салат пен тәттінің және кампот пен айранның бағасына келсек, студенттік асхананың ерекшелігі де осы. Жалпы бір студенттің тамақтануына небәрі 250 теңге болса болғаны. Студент 250 теңгемен комплекстік тағаммен тойып тамақтануына жағдай жасалған.

Тағы бір маңызды жайт, асханада сыбайлас жемқорлыққа жол қойылмаған. Тамақтану құны арнайы базамен, яғни қаржы карталарымен алынып отырады. Бұл жүйе Қазақстандағы ЖОО-ның ішінде еңгізілген алғашқы жоба. Осылай тамақтау әдісінің жүзеге асқанына 3-4 жылдай болып та қалды. Тамақтану құнына төленген қаржы бірден банктік жүйе арқылы университет есебіне түсіп отырады. Ал өнімдер қажет болғанда түскен ақша сатып алу бөлімінен бөлініп отырады.

Студенттерге жасалынған тағы бір жағдайға тоқталсақ. Университетіміздің белсенділеріне, тұл және жартылай жетім балаларға, көп балалы отбасының балаларына талон арқылы тегін тамақтар беріледі. Титаник асханасының жертөлесінде тынығу орны бар. Бұл жерде шетелдік студенттерге қолайлы спутникті антенналар орнатылған. Шетелдік студенттер сол арқылы өз елдерінде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отырады. Онымен қоса үстел теннисі, биллиард, караоки және сабақ оқып тәжірибе алмасуларына да мүмкіндіктер жасалған. Тіпті бұл жерде студенттік ұйымдар өздері ұйымдастырған кішігірім іс-шараларын өткізе алады. Титаник асханасының ауқымы кең. Тіпті асхананың әр ғимараттарда буфеттері бар және қызметкерлерге арналған «Тұран» асханасы жұмыс жасайды. Одан өзге оқу орынымызда өткізілетін ауқымды шараларда кофе-брейктер ұйымдастырып, қызмет көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда студенттердің тынығуға арналған уақыттарының көбі осы жерде өтеді. Одан өзге студенттік асханада жаздық тамақтану орындары да қарастырылған. Жалпы бір сөзбен айтқанда Студенттік асхана тікелей студенттердің жақсы жағдайда болуларына жұмыс жасайды. Титаниктің Қазақстандағы студенттерге ерекше қызмет көрсететін асхана аталуының да себебі осы.

Дайындаған:  
Көркем АДЫРБЕКОВА

## Бір аспанның астында...


Оқу орнымыздың Журналистика мамандығының 3-курс студенті Ғалия Бисейіт Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Толеранттылық таным» — жастар жолымен» атты эссе жанрында қалам тербеушілер арасында өткен республикалық байқауға қатысып, I дәрежелі Дипломмен және «Толеранттылық» төсбелгісімен марапатталды. Байқауда жүлдені жеңіп алған «Бір аспанның астында...» атты эссесін назарларыңызға ұсынамыз.



Атамның Жахан есімді өзбек досы жайлы көп естігенмін. Атам онымен бұрындары өкіметтің малын баққаннан бастап аралас-құралас болғандығын айтатын. Жахан қарт егін егіп күнелтсе менің атам қора-қора қойдың басын ұстаған. Атам ала шапандымен жолдас болдым, өзбек ағайыннан бір інім бар деп үнемі мақтанып отырушы еді. Тіпті өмірінің соңғы сағаттарында жанына отырғызып «Балаңа ескерт, екеуміздің сертіміз бұзылмасын. Біз өлсек те сонша жылдық сыйластығымыз өшпесін» деп аманаттаған екен. Жахан қартта өмірден озды. Артында жалғыз тұяғы Зафар есімді ұлы қалды. Соңғы жылдары ол да Өзбекстанға қоныс аударды. Дегенмен, әкелер аманаты аяқ-асты қалмады. Жахан қарттың ұлы Зафар әкеммен әлі күнге дейін хабарласып, жағдай сұрасып тұрады. Сонда менің атам мен Жахан қарт бір түнде, бір дастархан басында қимастай болуға сертескен екен. Қанша жылдық ұлы достыққа біреуінің өзбек я болмаса, қазақ екендігі кедергі бола қоймапты. Атамның қимасындай құрмет тұтар азаматын өмірімде бірақ рет көргенім бар. Басында тақиясы, үстінде ала шапаны, беліне ақ орамал байлаған қартты атамды соңғы сапарға шығарып саларда көрдім. Есімде қалғаны ол кісінің атамды жоқтап ұзақ жылағаны ғана. Қазір сол сәттерді ой елегінен өткізіп баға берер болсам, мықты сыйластық - ұлт пен тіл таңдамайды дер едім.

Әр халықтың өздеріне тән бай мәдениеті, салт-дәстүрі мен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын құндылықтары бар. Бірақ олардың бәрін бір мақсат, бір мүдде ғана бір шаңырақ астына біріктіре алады. Олар бақыт, бейбітшілік, жарқын болашақ үшін ғана өмір сүреді. Бүкіл адамзат баласын тегінде біріктіріп тұратын да, осы - татулық. Қазақстан ыстық, құшағы кең байтақ өлке. 130-дан астам ұлт өкілінің бір атаның баласындай ырыс пен ынтымақта өмір сүріп келе жатқандығы бұл сөзімізге айғақ. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді дана халқымыз. Бұл тектен-тек айтылмаса керекті. Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайымдылық пен сыйластық үстемдік құрған жерде қашанда нәтижелі іс болары хақ. Мүмкін, еліміздің өркендеп, құлаштап дамуына да атам мен Жахан қарттың арасындағыдай ұлтаралық достықтың көрініс табуы көп ықпалын тигізген болар. Өзім Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алып жатқандықтан өзге ұлттың тыныс-тіршілігінен хабарсыз емеспін. Тіпті түрік, ауған, өзбек, орыс елдерінен достарым да көп. Сондықтан мен үшін ұлттар достастығының қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да белгілі. Бұл да болса еліміздің кеңпейіл әділ саясатының арқасындағы татулықтың көрінісі.

Тибет манахтары айтады ғой «әлемде ештеңе болып жатқан жоқ, барлық пәле сенің басыңда орын алуда» деп. Сондықтан кез келген адам жақсы қарым-қатынастың қайнар көзі тек қана ниетте екендігін сезіне білуі қажет. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деп Абай атамыз айтқандай, жер бетіндегі жандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі жоғалмаса барлық халық бір аспанның астында бақытты ғұмыр кешері анық.



# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес.

**Қаныш Сәтбаев**

Таулар алыстаған сайын биіктей береді. Қаныш Имантайұлының Қазақстан аумағындағы табиғи қазынаны зерттеуге қосқан орасан зор үлесін біз тек қазір ғана түсініп, тиесілі бағалап отырмыз. Оның көпқырлы ғылыми еңбегінің жүзеге асқан жетістіктері ретінде Үлкен Жезқазған мен Жезді ғана емес, сондай-ақ республиканың Шығысы мен Оңтүстігінде және Орталық Қазақстанда орналасқан тау-кешендері болды. Оның ішінде аса ерекше еңбегі сіңген жұмысы - еліміздің Батысындағы газ бен мұнай орналасқан жерлерді айқындап бергені. Шын мәнінде қазақ халқының ұлы, ірі ғалымы және дарынды ғылым ұйымдастырушысының ғылыми және адамгершілік ерлігінің көлемін, маңыздылығын дәл қазір ғана түсініп жатырмыз. Сәтбаевтың кезінде біздің академия ерекше құлшыныспен, өз қызметін жақсы ұғына отырып, алға қойған мақсаттарына қол жеткізіп отырған. Оның пікіріне отандық ғылыми қауымдармен қатар әлемдік ғылыми қауымдар да құлақ асып отырған. Қазақстан ғылымы өзіне баршаны қарата білді. Сәтбаев кезіндегі атмосфераны қайта жаңадандырып, Қазақстанның әлемнің дамыған мемлекеттер қатарында нық тұруына ықпал ету үшін Қазақстандағы ғылыми ізденіс бағыттарының барлығын реформалауға, айрықша көзқарастарды іздеуге ұмтылған жоғары білікті, шығармашыл, нағыз отансүйгіш зерттеушілердің басқаруын қадағалауымыз керек.

Көптеген талантты, өзгеден ерекшеленіп тұратын адамдар тәрізді, Сәтбаевқа да өмірде оңай бола қойған жоқ: ғалымның білімдарлығы мен батылдығын айтпағанның өзінде, оған бірнеше рет өзіне азаматтық өрлікті жоғары қоюына тура келді. Сонымен қатар, ол біздің арамыздан мәңгілікке кеткеннен кейін де қазақстандық ғылымның сәтбаевтық

кезеңін үнсіздік аймағына айналдырғысы келген жөнсіз әрекеттер жасалды. Мен өзімді Сәтбаевты жақтаушылар қатарында болып, оның мұрасының ұмыт қалмауы үшін күрескеніме қуанамын, деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жүрек жарды тілек-мақтауын жеткізген болатын.

«Қаныш Имантайұлы көрікті Баян тауының бөктерінде дүниеге келді. Ол бала кезінен-ақ таудың қатпарлы жоталарына тамсана көз тігіп, тау бұлағының сылдырынан ләззат алып, ғажайып өсімдіктер мен хош гүлдердің иісі бұрқыраған көктемгі саумалдай кәусар ауамен тыныстады».

Сәбиге азан шақырып қойған есімі Ғабдул-Ғани. Анасы еркелетіп Ғани, Ғаныш деп атапты. Артынша баланы барлығы Қаныш деп атап кеткен.

Ғылымға деген алғашқы қадамы Жұмаш молданың киіз үйінен басталды. Өзінің бастапқы білімін екі кластық ауыл мектебінен, содан кейін Павлодардағы орыс-қырғыз училищесінде оқыған болатын. 1918 жылы Семей семинариясын аяқтап, Қаныш ағамыз ауыл мұғалімі және судья болып, өзінің еңбек жолын бастаған болатын.

Адамзат тарихы мен ғылым тарихын оның майталман өкілдерінсіз елестету мүмкін емес және олай істеуге болмайды да. Олар оқиғалардың өрбуіне зор серпіліс бере отырып, тарихи үдерістерді жылдамдатып отырған. «Менің ұсынып отырған жолда байлыққа қызығу дегенге орын жоқ. Бұл — халыққа қызмет ету, мәдениет, гуманизм қазынасын игеру жолы. Адам ақыл-ойымен, абырой-атағымен, күш-жігерімен сұлу, әрі көрікті! Басқа ешнәрсенің керегі жоқ. Басқа жолмен өркендегісі келетін адам - нағыз ақымақ», Абай да және басқа дәуірлер мен халықтардың даналары да осылайша ойлап, өмір сүрген. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да өмірлік ұстанымы осы болған. Түбегейлі әлеуметтік және

экономикалық өзгерістер кезінде ғылым ерекше маңызға ие бола бастайды. Осындай күрделі кезде адамзаттың тек көрнекті өкілдері ғана қоғам сұраныстарын айқындай біліп, өз замандастарынан жоғары көріне білген. Қаныш Имантайұлы КСРО Ғылым Академиясының Қазак филиалына 1941 ғылым кандидаты келіп, 111 адамнан тұратын ғылыми ұжымды қабылдаған; олардың арасында 3 ғылым докторы және 14 ғылым кандидаты болған. Алайда мамандардың тапшылығы, ұзаққа созылған алапат соғыс, соғыстан кейінгі күйзеліс оның Қазақстан ғылымын жасау бойынша үлкен қалауы мен ынтасына тоқтау бола алмады - ол мақсатына қол жеткізді! Ол өз жоспарларын жақтай алатын, арманы үшін күресе білетін жан болған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай, Сәтбаев «өзінің ерен еңбегі мен даңқты істерінің арқасында жеңе білді. Оның айбындылығы осында!»

Қ. И. Сәтбаев өз елі мен халқының тағдырына үлкен әсер етті десе артық болмас. Ол айналасына өз сияқты шығармашылық жағынан қайсар, батыл, жанын салып еңбек ете алатын пікірлес ғалымдарды жинай білді. Адамдарды тани білу кез-келгеннің қолынан келе бермейтін қабілет. Оған куәондаған жылдар бойы ғылымның мәртебесін көкке самғатқан Ғылым академиясының алғашқы мүшелері, өзінің серіктестері. Қ. И. Сәтбаев академияның жұмысының қағидаларын былай анықтады: «Біздің ісіміз Ғылыми күштерді біріктіріп, оларды халық шаруашылығындағы негізгі мәселелерді шешуге бағыттау». Қазақстанның бай қазбаларын анықтау және геология зерттеуінің тарихындағы жарқын беттер Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімімен және істерімен байланысты. Қ. И. Сәтбаевты әлемдегі металлогендік ғылымның негізін қалаушылардың

бірі және Қазақстандағы осы бағыттың бастамасын қалаған ғалымы ретінде санауы орынды.

Оның Жезқазғаны, өз дәуірі мен халқына абыройлы Ғылым академиясы, геология ғылымының флагманы-Геологиялық ғылымдар институты-оның аса терең даналығы мен қырағылығының куәсі ретінде өмір сүре бермек, оның өз елінің өнеркәсібіне, ғылымына, мәдениетіне, ағартушылыққа қосқан үлесі әлі толығырақ анықталары анық. Өкінішке орай қазірде үлкен практикалық және ғылыми қызығушылық танытатын Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орасан ғылыми мұрасы тек 8 томнан тұратын таңдамалы жинақтарында ғана басылған. Ол аса үлкен күтіммен сақтауды, әрі қарай зерттеуді және жариялануды талап етеді. 100-жылдығы ЮНЕСКО шешімімен атап өтілген отансүйгіш ғалымның өмірден ерте өткеніне қамыға отырып, батыл еңбегіне бас иіп, адамгершілігін үлгі тұта отырып, дарынды ұйымдастырушы, ғылымға еңбегі сіңген Қаныш Имантаевтың әуағына тағзым ете отырып, фотоальбомды қайта басып шығару оң шешімін тапты. Альбом құрастырушылары бірегей тұлғаның өмірбаянын суреттер мен құжаттарды пайдалана отырып, ерекше ықыласпен және үлкен жауапкершілікпен даярлаған. Бұл фотоальбомда республиканың М е м л е к е т т і к мұрағатындағы, Ғылым академиясындағы, Қ. И. Сәтбаев атындағы мұрағаттағы, оның серіктестерінің, туған-туыстарының, оқушыларының жеке топтамаларындағы барлық мұрағаттық материалдар барынша қамтылған. Олар ғалымның жеке бейнесіне міндетті түрде бұрын-соңды беймәлім болған, жеке өміріне қатысты мәліметтерді қосары анық. Ақ-қара түсті суреттердегі ф о т о г р а ф и я л ы қ сәттерден, өзінің жазған,

бағалаған, оқыған, түзетулер мен өзгерістер енгізген, резолюция қойған құжаттардың фотокөшірмелерінен осы альбомды қарап шыққан адам нағыз ғылымды жасай білген, КСРО және ҚазССР Ғылым академиясының толық мүшесі, өз елінің ардақты ұлы - Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шынайы образын көре алады. Қ. И. Сәтбаев туралы бірегей еңбек фотоальбомды қайта басып шығаруға демеушілік көрсете отырып, «Казатомнеркәсіп» ҰАК оның Қазақстандағы уран өнеркәсібінің, ядролық физиканың қалыптасуына және дамуына қосқан үлесіне аз да болса алғыс білдіру болып табылады.

Асқынған туберкулезді қымызбен емдеу үшін 1920 жылдан 1921 жылға дейін туған өлкесінде болады. Осы кезде Қаныш Сәтбаев қазақ мектептеріне арнап алғашқы алгебра оқулығын жасауды бастайды. Бұл жұмысты 1954 жылы бітіреді.

Қ о р ы т ы н д ы л а й келе, Қазақ ұлтының аса көрнекті тұлғасы. Ғасыр саңылағы. Биыл ұлы ғалымның туғанына 120 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын өріппен жазылған.

**Дайындаған:**  
**А.Муратбекова,**  
**Астана Медицина**  
**Университетінің**  
**студенті.**

**Ғылыми жетекшісі:**  
**аға оқытушы**  
**Ә.Е.Карбозов.**

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## Kazakistan'ın Bağımsızlığının 28. Yılı Coşkusu

Kazakistan'ın bağımsızlığının 28. yılı münasebetiyle Ahmet Yesevi Üniversitesinde kutlama töreni düzenlendi. Büyük ilgi ve coşkuyla gerçekleşen "16 Aralık Bağımsızlık Günü" adlı etkinlik ulusal marşların okunmasıyla Kültür Merkezinde başladı.



Törende konuşan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, "Kazakistan'ın bağımsızlığı sadece Kazak halkı için önem taşıyor, bu tüm Türk dünyasının bayramıdır." dedi. Türk dünyasının birlik ve beraberliğinin önemine dikkat çeken Rektör Vekili Tomar, "Bizler, Altaylardan Adriyatik'e uzanan büyük bir çınarın dalları gibiyiz, güçlü bir gelecek için köklü geçmişimizden aldığımız güçle yeniden Türk birliğini inşa etmeliyiz" dedi.

Konuşmasının devamında Rektör Vekili Tomar, "Sevgili gençler bağımsızlığı kazanmak yetmiyor, önemli olan bağımsız kalabilmektir. Bizler ancak tarihte yarattığımız Türk-İslam Rönesans'ını yeniden tesis edersek bunu başarabiliriz. Bu anlamda Türk dünyası gençlerine eğitim veren üniversitemiz öğrencilerine büyük sorumluluk düşmektedir. Elbette bunu başaracak sizlersiniz" diye konuştu.

Rektör Vekili Tomar konuşmasını, "Egemenliğini alamamış diğer Türktopluluklarının da bağımsızlığını kazanmasını temenni ediyor, Kazak kardeşlerimizin bağımsızlık gününü en içten duygularıyla kutluyorum!" sözleriyle sonlandırdı.

Akabinde söz alan Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Umirbek Umbetov, "Atalarımızın asırlar boyu hayal ettiği egemenliğin bugün 28. yılını kutluyoruz. Bu elbette kolay kazanılmadı, bu uğurda çok şehit verdik. Bizler bugün ecdadımızı yad ederek, onların arzu ettiği bağımsızlığı kutlamanın mutluluğu içerisindeyiz. Toyumuz Kutlu Olsun!" şeklinde konuştu.

Açılış konuşmalarını ardından Üniversitemiz gençleri tarafından hazırlanan konser ve halkoyunları gösterileri ilgiyle izlendi. Kazak kültürünün yansıtıldığı etkinlikte, dombralar, kopuzlar ile yöresel eserler çalındı.

## Prof. Dr. Vefik Arıca Ahmet Yesevi Üniversitesinde

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı Koordinasyonu ile akademik değişim programı kapsamında, Sağlık Bilimleri Üniversitesi Okmeydanı Eğitim Araştırmaları Hastanesi Öğretim Üyesi, Siirt Üniversitesi Tıp Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Vefik Arıca Üniversitemizin Türkistan Yerleşkesi'nde bilimsel çalışmalara katılım gerçekleştirdi.

3 - 9 Aralık 2019 tarihleri arasında Tıp Fakültesi, Tıp Fakültesi Hastanesi ve Çimkent Tıp Enstitümüzde ders ve seminerler veren Çocuk Sağlığı ve Hastalıkları Ana Bilim Dalı Uzmanı Arıca, polikliniklerde sağlık hizmeti de verdi. Fakülte dekanı, bölüm başkanları ve doktorlarıyla bir araya gelen Arıca, Genel Tıp ile Çocuk Sağlığı ve Hastalıkları konusunda bilgi, birikim ve deneyimlerini paylaştı. Ayrıca Türkistan Çocuk Hastanesi ve Türkistan Kadın Doğum Hastanesi Yeni Doğan Servisinde 50'ye yakın seçili vakaları (tanısı konulamayan) teşhis eden Prof. Dr. Arıca, hastaların tedavilerini düzenledi.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde yapmış olduğu çalışmalardan dolayı Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Prof. Dr. Vefik Arıca'ya teşekkür belgesi takdim etti. Programını tamamlayan Arıca Türkistan'dan ayrıldı.



## Moskova'da "Tarihi-Kültürel Bağlamda Türkiye ve Rusya" Konferansı Yapıldı

Rusya'nın başkenti Moskova'da Rusya Bilimler Akademisi (RBA) Şarkiyat Enstitüsünde «Tarihi Kültürel Bağlamda Türkiye ve Rusya Projesi» kapsamında "Rus-Türk ilişkilerinde ortak noktalar" başlığı ile uluslararası konferans düzenlendi.

Kazakistan'ın ortak üniversitesi olan Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak Rusya Bilimler Akademisi, Şarkiyat Enstitüsü ve Rusya'daki Üniversitelerle özellikle de Türkoloji bölümleriyle işbirliğini geliştirmeyi arzu ediyoruz, dedi. Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. İbrahim Uslan da Kars



Moskova Yunus Emre Enstitüsü (YEE), Ahmet Yesevi Üniversitesi, Gazi Üniversitesi, RBA Şarkiyat Enstitüsü, Çağdaş Türkiye Araştırmaları Merkezi ve Türk-Rus Toplumsal Forumunun iş birliği ile düzenlenen konferansa, Cumhurbaşkanlığı Devlet Arşivleri Başkanı Prof. Dr. Uğur Ünal, Türkiye'nin Moskova Büyükelçisi Mehmet Samsar, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Üyesi Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. İbrahim Uslan, Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü Doç Dr. Vakur Sümer ve bilim insanları katıldı.

Cumhurbaşkanlığı Devlet Arşivleri Başkanı Prof. Dr. Uğur Ünal, toplantının açılışında yaptığı konuşmada, Türkiye ile Rusya arasında tarih boyunca önemli birliktelik, çalışma ve çatışmaların yaşandığını hatırlattı.

Ayrıca Ünal, Cumhurbaşkanı Recep Tayyip Erdoğan'ın Rusya Devlet Başkanı Vladimir Putin'e hediye edeceği Osmanlı-Rus anlaşmalarına yönelik bir çalışmanın kitap haline getirileceğini sözlerine ekledi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız da Türkiye ile Rusya arasındaki ilişkilerin çok köklü olduğunu belirterek Rusya Devlet Başkanı Vladimir Putin'in 2014 Türkiye ziyareti sonrası ilişkilerin çok yönlü geliştiğini hatırlattı ve Türkiye ile

Antlaşması'nın Rusya ile Türkiye arasında yeni bir başlangıç olduğunu kaydederek "Birbirleriyle tarihsel ve bazı dönemlerde sınırdaş olan iki ülke ilişkileri bilimsel ve kültürel birlikteliğe de taşınmalıdır" dedi.

RBA Şarkiyat Enstitüsü Tarih Bölümü Başkanı Dmitriy Vasilyev, gelecek yıl Türkiye ile Rusya arasındaki diplomatik ilişkilerin 100. yılı olduğunu anımsatarak bu yıla ilişkin Rus tarihçilerin özel bir çalışma hazırladığını dile getirdi.

Rusya-Türkiye Toplumsal Forumu Genel Sekreteri Sergey Markov da Putin ve Erdoğan'ın ikili ilişkilerin gelişmesiyle yakından ilgilendiğine işaret etti. Buna karşın iki ülkenin medya kuruluşlarının birbirleriyle ilgili haberleri Batı mediasından aldığını dile getiren Markov, "Bizim bu durumu değiştirip, birbirimizden haber alma konusunu bağımsız hale getirmemiz gerekiyor" diye konuştu.

Moskova YEE Müdürü Prof. Dr. Ömer Özkan, bu yılın Türkiye-Rusya karşılıklı kültür ve turizm yılı olduğunu hatırlatarak "Türkiye ve Rusya'yı keşfeden pek çok konu var. Bu konuların bilimsel olarak bir değerlendirilmesi yapılıyor" ifadelerini kullandı.

Konferansta, Rusya'da Türkçe öğretimi, Rusya'da Türkiye'nin ve Türkiye'de Rusya'nın tanıtımı, Rusya ile Türkiye'nin ekonomik ilişkileri, Rusya ile Türkiye'nin kültürel-tarihi ilişkileri başlıklarında uzmanlar değerlendirmelerde bulundu.

## Öğrencimize «Altın Kalem» Ödülü

Ahmet Yesevi Üniversitesi Filoloji Fakültesi Kazak Dili ve Edebiyatı Bölümü ikinci sınıf öğrencisi Davren Tileyhan

katılmış olduğu edebiyat yarışmasında büyük ödül kazandı.

Kazakistan Yazarlar Birliği tarafından Almatı'da düzenlenen "Altın Kalem" adlı yarışmada üniversitemiz öğrencisi Tileyhan 'Yılın En İyi Şiiri' ödülüne layık görüldü. Öğrencimiz yakın zamanda da 'Özlenen Sır' isimli şiir kitabını yayımlamıştı. Yazarlık hayatına adım atan öğrencimize başarılar diliyoruz.



## “Geleceğimiz Birliğimizde!” Yarışması

Üniversitemizde geleneksel olarak düzenlenen üniversiteler arası münazara yarışmasının bu yıl üçüncüsü yapıldı. Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından desteklenen ve Debat Kulübü'nün organize ettiği “Geleceğimiz Birliğimizde!” adlı etkinlik 7-8 Aralık 2019 tarihleri arasında Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi'nde gerçekleştirildi.



Kazakistan'ın seçkin üniversitelerinden 150'ye yakın öğrencinin katıldığı yarışmada, öğrencilerin bilgi ve düşünce sistemlerini geliştirmesinin yanında ülkenin tüm bölgeleriyle yakın ilişkiler kurması hedeflenmektedir.

Yarışmanın açılış töreninde bir konuşma yapan Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Kazakistan'ın çeşitli bölgelerinden öğrencilerin katılmasının yarışmayı daha da anlamlı kıldığını ifade ederek, yarışmacılara başarılar diledi.

İki gün süren ve toplam dört aşamadan oluşan yarışmada Kazakistan Cumhuriyeti UIB Üniversitesi öğrencileri birinci oldu. Ontüstik Pedagoji Üniversitesi öğrencileri ikinciliğin sahibi olurken, Taraz İnovasyon- Beşeri Bilimler Üniversitesi takımı ise üçüncülüğü aldı.

3. Münazara Yarışması kapanış ve ödül töreninin ardından Hoca Ahmet Yesevi Türbesi ve Türkistan'ın tarihi mekanlarziyaretiyle son buldu.

## Rusya, Türkiye ve Türk Dünyası İlişkileri Konferansı

İstanbul Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. İlyas Topsakal 11 Aralık Çarşamba günü Türkistan Yerleşkesi'nde “Rusya, Türkiye ve Türk Dünyası İlişkileri” konulu bir konferans verdi.

Prof. Dr. İlyas Topsakal'ı kürsüye davet etti.

Topsakal sunumunda Türk Dünyası'nın tarihsel, kültürel, sosyolojik, politik ve bilimsel bir konu olduğuna dikkat çekerek, Rusya, Türkiye ve Orta Asya Türk cumhuriyetlerinin birbirleriyle



Üniversitemizin Kütüphanesi'nde gerçekleştirilen etkinliğe, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusuat Pilten ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Konferansın açılış konuşmasını yapan Rektör Vekili Tomar, konuşun akademik çalışmaları hakkında bilgiler vererek, sunumunu yapmak üzere

ilişkileri, gelişmişlik düzeyleri bakımından dünya ülkeleri arasındaki konuları ve bölgesel güvenlik sorunları gibi konularda bilgilerini paylaştı.

Konferansın sonunda katılımcıların sorularını yanıtlayan Prof. Dr. İlyas Topsakal'a Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar teşekkür belgesi takdim etti. Program toplu fotoğraf çekimi ile son buldu.

## Öğrencimize Deneme Yarışmasında Altın Madalya



Kazakistan'ın Nur-Sultan Şehrinde düzenlenen yarışmada Üniversitemiz öğrencilerinden Galiya Biseyit altın madalya kazandı.

Nur-Sultan şehrinde düzenlenen üniversitelerarası deneme yarışmasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi Gazetecilik Bölümü 3. sınıf öğrencisi Galiya Biseyit'in kaleme aldığı deneme yarışmanın en iyi denemesi seçildi. Öğrencimiz altın madalya, teşekkür belgesi ve plaket ile ödüllendirildi. Ayrıca yarışmaya katılan Bakdaulet Anarbay, Balerke Asilhan, Ayken Jakın ve Gaynijamal Arıstanbek öğrencilerimizde derece aldılar. Genç deneme yazarlarımızı tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.

## Uluslararası Fen bilimleri Olimpiyatlarında İkincilik



Rusya'nın Novosibirsk şehrinde düzenlenen Fen bilimleri olimpiyatlarında Ahmet Yesevi Üniversitesi Dış Hekimliği Fakültesi öğrencileri ikinci oldu.

Rusya Federasyonu Novosibirsk Tıp Üniversitesi organizasyonunda bu yıl beşincisi düzenlenen Uluslararası Öğrenci Kongresi ve Fen Bilimleri Olimpiyatları'nda Rusya, Belarus, Ukrayna, Kazakistan ve Kırgızistan'ın seçkin üniversitelerinden öğrenciler yarıştı. 25'e yakın üniversitelerden katılım sağlandığı olimpiyatlarda öğrenciler anatomi, histoloji, patofizyoloji, patolojik anatomi alanlarında ter döktüler. Yarışmaya üniversitemizin Dış Hekimliği Fakültesi Adam Patolojisi Bölümü öğretim üyesi Doç. Dr. Nazarbek Jumanarov'un danışmanlığında katılan 3. sınıf öğrencileri Uldana Bakanova, Akniyet Nisanbayeva, İsmailov Şahbaz ve Altay Anarbay ikincilik elde etti. Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar yarışmaya katılan öğrencileri makamlarında kabul ederek hediye takdim ederek başarı dileklerinde bulundular.

## Öğrencimiz Yılın Öğrencisi

Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Kültür Araştırmaları Merkezi tarafından düzenlenen “Yılın En İyi Öğrencisi” yarışmasında Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencisi birinci oldu.

Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Kasım Comart Tokayev'in ulusa sesleniş konuşmasında dile getirdiği “Sosyal Etkileşim-Kazakistan'ın Huzur ve Refah Kaynağı” maddesi kapsamında tertip edilen Kazakistan üniversiteler arası yarışmada Üniversitemiz Fen Fakültesi Biyoloji Bölümü 4. Sınıf öğrencisi Aysulu Abdikalikova yapmış olduğu bilimsel çalışmasıyla yılın en iyi öğrencisi seçildi. Altın madalya, teşekkür belgesi ve plaket ile ödüllendirilen öğrencimiz ayrıca Bilim ve Kültür Araştırmaları Merkezi'nin üyeliğine de kabul edildi. Gururumuz Aysulu Abdikalikova'yı tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz.



## Öğrencimiz Yılın Sporcusu

Kazakistan Cumhuriyeti'nin Başkenti Nur-Sultan'da düzenlenen Kazak güreşi yarışmasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencisi Nurum Selimgerev yılın en iyi sporcusu seçildi.

Kazakistan Cumhuriyeti Güreş Federasyonu tarafından düzenlenen 2019 yılı başarı ödülleri Başkent Nur-Sultan'da düzenlenen törenle verildi. Kazakistan Cumhuriyeti İletişim ve Kalkınma Bakanı Devren Abayev'in katılımlarıyla gerçekleşen törende güreş şampiyonalarında derece alan sporculara çeşitli ödüller verildi. Törende ayrıca Üniversitemizin Spor Fakültesi 4. sınıf öğrencisi Nurum Selimgerev şampiyonalarda kazanmış olduğu başarılarından ötürü “Yılın Sporcusu” ödülüne layık görüldü.



## ӨНЕР



# FASHION DAY

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, Тәуелсіздік күні мерекесіне және Жастар жылын қорытындылауға орай ұйымдастырылған «Бейнелеу өнері» кафедрасы студенттерінің «КӨК КҮМБЕЗДІ ТҮРКІСТАН» және «FASHION DAY» атты шығармашылық көрмесі өтті.



## Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

### Ақпарат орталығы:

Бейсен Тельман  
telabdi@mail.ru

### Тілшілер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН  
dgn\_s8@hotmail.com

Дизайнер:  
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

### Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru